

**«Шалқар аудандық мәслихатының  
аппараты» мемлекеттік мекемесі  
туралы Ережені бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы» №410 Жарлығына сәйкес Шалқар аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «Шалқар аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінің Ережесі бекітілсін.
2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Аудандық мәслихаттың  
сессия төрағасы  
Г.Сейтова**

**Аудандық мәслихаттың  
хатшысы  
С.Тулемисов**

Шалқар аудандық мәслихатының  
2015 жылғы \_\_\_ желтоқсандағы  
№\_\_\_ шешімімен  
бекітілген

## «Шалқар аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі туралы Е Р Е Ж Е

### I. Жалпы ережелер

1. «Шалқар аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі жергілікті өкілетті орган – Шалқар аудандық мәслихатының және оның органдары мен депутаттарының қызметін қамтамасыз етуді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. «Шалқар аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. «Шалқар аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. «Шалқар аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі азаматтық - құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. «Шалқар аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. «Шалқар аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен «Шалқар аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі аудандық мәслихат хатшысының өкімдерімен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен рәсімделетін шешімдер қабылдайды.

7. «Шалқар аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес аудандық мәслихат шешімімен бекітіледі.

8. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, 031200 (индекс), Шалқар ауданы, Шалқар қаласы, Әйтеке би көшесі, 47 А үй.

9. Мемлекеттік органның толық атауы-«Шалқар аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже «Шалқар аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

11. «Шалқар аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

12. «Шалқар аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінің құрылтайшысы және басқару жөніндегі уәкілетті органы Шалқар аудандық Мәслихаты болып табылады.

13. «Шалқар аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі кәсіпкерлік субъектілерімен «Шалқар аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер «Шалқар аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. «Шалқар аудандық мәслихатының аппараты»  
мемлекеттік мекемесінің миссиясы, негізгі міндеттері,  
функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. «Шалқар аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінің миссиясы: мәслихат пен оның органдарын ұйымдастырушылық, құқықтық, материалдық-техникалық және өзге де қамтамасыз етуді жүзеге асырады, депутаттарға өздерінің өкілеттігін жүзеге асыруға көмек көрсетеді.

15. Міндеттері:

1) мәслихат сессияларын және оның қарауына ұсынылатын мәселелерді әзірлеу, сессиялар мен тұрақты комиссиялар отырыстарының хаттамаларын жазуды қамтамасыз ету;

2) мәслихат депутаттарына олардың өз өкілеттіктерін іске асыруына көмектеседі, оларды қажетті ақпаратпен қамтамасыз етеді, мәслихат сессияларына, оның тұрақты комиссияларының және басқа органдар, сайлау округтарының жұмысына қатысу үшін қызметтік міндеттерді орындаудан депутаттарды босатумен байланысты мәселелерді қарау;

3) депутаттық сауалдар және депутаттық қатынастардың қаралуын бақылау;

4) сайлаушылардың арыз-шағымдары және олар бойынша алынған шаралар жөнінде мәслихатқа ақпараттар ұсыну;

- 5) мәслихаттың жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен өзара байланысын ұйымдастыру;
  - 6) тұрақты комиссиялар және мәслихаттың басқа да органдарының және депутаттық топтардың қызметін бақылау;
  - 7) мемлекеттік органдар, ұйымдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары және қоғамдық бірлестіктермен қарым-қатынасқа мәслихат атынан бару;
  - 8) мәслихат шешімдерінің жариялануын қамтамасыз ету, оның орындалуын бақылау бойынша іс-шаралар белгілеу;
  - 9) мәслихаттың іс-қағаздарын жүргізу, корреспонденцияларды қорыту, құжат айналымын талдау;
  - 10) қызметтік құжаттарды, хаттар мен арыздарды қарау, азаматтарды қабылдауды ұйымдастыру;
  - 11) мәслихат хатшысының тапсырмасы бойынша сотқа бару және оның мүддесін қорғау, прокурорлық тыңдау кесімдерін қарау;
  - 12) Шалқар аудандық мәслихатының қызметін ақпараттық талдау, ұйымдастыру-құқықтық, құжаттық, материалдық-техникалық және басқа жағынан қамтамасыз ету
16. Құқықтары мен міндеттері:
- 1) Шалқар аудандық мемлекеттік мекемелер қарамағындағы ақпараттарды пайдалануға;
  - 2) мемлекеттік органдармен аудандық мәслихат аппаратының жұмысын жүргізуге қатысты мәселелер жөніндегі басқа да ұйымдармен қажеттік хаттар алысуға;
  - 3) мәслихат шешімдері және аудандық мәслихат хатшысының өкімдерінің жобаларын сараптауды ұйымдастыруға;
  - 4) Шалқар аудандық мәслихат шешімдерінің жобаларын мүдделі мемлекеттік органдармен келісімінің бар екенін бақылау және ол жоқ болған жағдайда келіскенге дейін тиісті жобаларды қайтаруға;
  - 5) мәслихат құзырынан тысқары мәселелер жөніндегі корреспонденцияны тиісті мемлекеттік органдарға жолдауға және қайтаруға;
  - 6) мәслихат шешімдерінің орындалуын тексеруді өткізуге қатысуға;
  - 7) ел Басының, Үкіметтің кесімдерін, облыстық және аудандық мәслихаттың шешімдерін орындамағаны немесе талапқа сәйкес орындамағаны үшін белгіленген заңнамалық тәртіпте немесе келісімдерімен аудан әкімі тағайындаған мемлекеттік мекемелер мен жергілікті атқарушы органдар басшыларының жауапкершілігі жөнінде ұсыныстар жасайды;
  - 8) ауданның алқалық мемлекеттік мәжілістеріне қатысады;
  - 9) мемлекеттік органдар және ауданның басқа да ұйымдарының лауазым иелерін қаралатын мәселе бойынша түсіндіру үшін шақырады;
  - 10) заңнамаға сәйкес басқа да құқықтарды іске асырады.

### 3. «Шалқар аудандық мәслихатының аппараты»

## мемлекеттік мекемесінің қызметін ұйымдастыру

17. Аудандық мәслихат аппараты жауапты қызметкерлерін заңнамамен белгіленген тәртіпте аудандық мәслихат хатшысы тағайындайды және қызметтен босатады.

18. Мәслихаттың жауапты қызметкерлері аппарат жұмысын ұйымдастырады және жетекшілік жасайды, аппаратқа жүктелген міндеттер мен қызметтердің орындалуы үшін жеке жауапкершілікте болады.

19. Осы мақсатта :

- 1) аппарат қызметкерлерінің қызметі мен өкілеттігі белгіленеді;
- 2) шешімдер, өкімдер жобаларын, сондай-ақ мәслихат хатшысының атына келген құжаттар мен материалдарды мәслихат хатшысына қол қоюға және қарауға ұсынады;
- 3) бос тұрған лауазымдық қызметтерге орналасу үшін конкурстар жариялау, марапаттау, сондай-ақ ішкі еңбек тәртібі және тәртіп бұзушылыққа байланысты алынатын шаралар жөнінде мәслихат хатшысына ұсыныстар жасайды;
- 4) мәслихат аппаратында ішкі еңбек тәртібін белгілейді;
- 5) мәслихат аппараты бойынша өкімдер және нұсқаулар дайындайды;
- 6) қызметтік құжаттарға қол қояды;
- 7) мемлекеттік органдарға және басқа ұйымдарға аудандық мәслихат атынан барады;
- 8) аудандық мәслихат аппаратының әкімшілік-шаруашылық қызметі үшін бақылауды іске асырады;
- 9) сыбайлас жемқорлыққа құқық бұзушылықтарды анықтауды, жолын кесуді, алдын алуды және заңмен бекітілген тәртіпке сәйкес шара алады;
- 10) заңнамаға сәйкес басқа да өкілеттіктерді іске асырады.

### 4. «Шалқар аудандық мәслихатының аппараты»

#### мемлекеттік мекемесінің мүлкі

20. «Шалқар аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін. «Шалқар аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

21. «Шалқар аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

21.1 Аппараттың мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органы (бұдан әрі - мемлекеттік мүлік жөніндегі) Шалқар аудандық қаржы бөлімі болып табылады.

22. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, «Шалқар аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

#### 5. «Шалқар аудандық мәслихатының аппараты»

мемлекеттік мекемесінің қайта ұйымдастыру және тарату

23. «Шалқар аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.